

Жылыой ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 199 "Жылыой ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидасын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 448 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына сәйкес және Атырау облысы әділет департаментінің 2015 жылғы 5 қазандағы № 4-8024/15 ұсынысын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Жылыой ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 199 "Жылыой ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидасын бекіту туралы" (нормативтік-құқықтық келісімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 20 мамырда № 3209 болып енгізілген, аудандық "Кең Жылыой" газетінің 2015 жылғы 4 маусымдағы № 22 санында жарияланған) қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Өмірбаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

М. Избасов